

Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері материалдары негізінде)» диссертациялық жұмысына

ПІКІР

Қазіргі антропоөзектік бағыттағы тіл білімінде тіл мен мәдениеттің өзара байланысын зерттеу ерекше маңызға ие. Фразеологизмдер тек тілдік құбылыс қана емес, сонымен бірге халықтың дүниетанымы мен өмір салтын, ұлттық құндылықтары мен мәдени ерекшеліктерін сақтап жеткізетін тілдік бірліктер. Тілдегі әрбір тұрақты тіркестерде белгілі бір халықтың салт-дәстүрі, наным-сенімі, өмірлік қағидаттары, тұрмыс-тіршілігі бейнеленеді. Сондықтан бірнеше ұлтқа (қазақ, орыс, ағылшын) тән фразеологизмдерді сол елдің мәдениетімен байланыста салғастыра зерттеулердің ұлттық болмысты тану мен көпмәдениетті қоғамда өзара түсіністі арттыруда маңызы зор. Этномәдени құндылықтардың фразеологизмдердегі көрінісін зерттеу ұлттық болмысты айқындап қана қоймай, ұлттар арасындағы рухани жақындасуға да ықпал етеді. Сонымен қатар мұндай зерттеулер аударма ісінде, тіл үйретуде, мәдениетаралық қатынастарды дамытуда практикалық тұрғыдан қажет. Мәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда фразеологизмдердің компоненттері белгілі бір мәдениеттің символдық жүйесінің элементтері болып табылады. Әрбір тұрақты тіркес халықтың дүниетанымындағы құндылықтар мен ұғымдарды бейнелейді, соның негізінде ұлттық мәдени код көрініс табады. Сондықтан фразеологизмдерді зерттеу тек тілдік тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар этномәдени мазмұнды ашу тұрғысынан да аса маңызды. Осыған байланысты зерттеу тақырыбының өзектілігі айқындалады.

Қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерді бұл бағытта зерттеуде әр халықтың этномәдени болмысын танылады, сол арқылы ортақ дүниелер мен ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік туады. Жаһандану жағдайында көпмәдениетті қоғамда тілдік-мәдени ерекшеліктерді дұрыс түсіну мәдениетаралық коммуникацияның тиімділігін арттырады.

Зерттеу жұмысының бірінші тарауында фразеологизмдерді антропоөзектік бағытта зерттеудің теориялық негіздері қарастырады. «Фразеологизмдердің ұлттық-мәдени және когнитивтік сипаты» атты бірінші тармақта фразеологизмге тән негізгі қасиеттер мен оның түрлері туралы ғалымдардың пікірлерін зерделейді. Сонымен бірге фразеологизм тіл мен мәдениеттің өзара бірлігін айқын көрсететін ерекше тілдік құбылыс екенін нақты тілдік деректермен анықтайды. Әрбір тұрақты тіркес халықтың тарихи тәжірибесі мен тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпы мен наным-сенімін бейнелейтінін және оның тек тілдік таңба ғана емес, сонымен қатар этностың мәдени коды ретінде қызмет атқаратындығын ғылыми тұрғыда нақтылай түседі. Фразеологизмдер арқылы ұлттық мінез, дүниені қабылдау ерекшелігі, құндылықтар жүйесі айқындалады. Мәдениетаралық тұрғыдан алғанда, тұрақты тіркестерді салғастыра зерттеу әр ұлттың ұқсастығы мен

өзгешелігін тануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан фразеологизмдер тіл мен мәдениеттің сабақтастығын дәлелдейтін, халықтың рухани болмысын танытатын негізгі құрал болып табылады.

Қазіргі тіл білімінде фразеологизмдерді дәстүрлі құрылымдық-семантикалық тұрғыда қарастырумен қатар, когнитивтік, прагматикалық және мәдениеттанымдық бағытта зерттеу кең өріс алуда. Сондықтан зерттеуші бірінші тараудың екінші тармағында фразеологиялық бірліктерді зерттеуге қатысты қалыптасқан жаңа бағыттар туралы баяндайды. Атап айтар болсақ, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, когнитивті лингвистика салаларының фразеология саласымен байланысы туралы саралап, оны нақты ғалымдардың еңбектері арқылы дәлелдейді. Жаңа ғылыми парадигмада олар халықтың ұлттық дүниетанымын, мәдени кодын және әлеуметтік тәжірибесін танытатын күрделі таңбалық жүйе ретінде қарастырылады.

Зерттеудің үшінші тармағы фразеологизмдерді зерттеудегі аксиологиялық ұстанымдарға арналады. Фразеологизмдердің бойындағы ұлттық-мәдени құндылықтарды айқындауға бағытталады. Әрбір тұрақты тіркес белгілі бір халықтың дүниетанымындағы жақсылық-жамандық, адалдық-арамдық, мейірім-каталдық тағы сол сияқты құндылықтар жүйесін бейнелейді. Зерттеуші осы мәселеге қатысты құндылық туралы ғалымдардың пікірлерін саралап, бағалау актісіне қатысты олардың нақты тұжырымдарын талдайды. Сондықтан фразеологизмдерді аксиологиялық тұрғыдан қарастыру – тілдік бірліктер арқылы этностың құндылық бағдарын, моральдық-этикалық өлшемдерін тануға мүмкіндік береді.

Бірінші тараудың келесі тармағында зерттеуші құндылықтардың ұлттық мәдениеттің негізін құрайтынын дәлелдеуге тырысқан. Этномәдени құндылықтардың ұлттық мәдениеттің негізін құрайтын рухани-материалдық байлықтар жиынтығы екенін ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, нақтылаған. Халықтың дүниетанымын, өмір сүру салтын, дәстүрі мен әдет-ғұрпын айқындай отырып, ұлттың бірегейлігін сақтауға қызмет ететінін баяндаған.

Екінші тарау қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне тән фразеологизмдердегі құндылықтарды салғастыра зерттеуге арналады. Зерттеуші қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерді зерттей отырып, олардың бойындағы этномәдени акпаратты айқындайды. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – үш түрлі тілдік ортаға тән фразеологизмдердің этномәдени табиғатын салыстырмалы-типологиялық тұрғыда талдауында. Автор қазақ, орыс және ағылшын халықтарына ортақ және өзгеше этномәдени құндылықтарды тұрақты сөз тіркестері арқылы жүйелі түрде жіктеп, ашып көрсеткен. Екінші тараудың алғашқы тармағында қазақ тіліне қатысты фразеологизмдерді талдап, олардың қалыптасуына қатысты нақты ұлттық факторларды көрсетеді. Мысалы, соматикалық фразеологизмдер, зоофразеологизмдердің т.с.с. тұрақты тіркестердің қалыптасуында нақты қазақты танымға қатысты дүниелердің жатқандығын нақты тілдік деректермен анықтайды. Зерттеу негізінде қазақ тіліндегі фразеологизмдер

халықтың ұлттық дүниетанымын терең бейнелейтін тілдік қабат болып табылады және тілде этномәдени құндылықтар, салт-дәстүр мен тұрмыс-тіршіліктің сан қырлы көрінісі жинақталған деген тұжырым жасайды.

Екінші тараудың екінші тармағында орыс тіліне қатысты ұлттық құндылықтардың фразеологизмдерде бейнеленуі туралы зерттеу жүргізіледі. Аталған тармақты орыс халқы болмысына тән фразеологизмдер сұрыпталып, оларға семантикалық талдаулар жасалады.

Екінші тараудың үшінші тармағы ағылшын фразеологизмдеріндегі ұлттық құндылықтарға арналған. Зерттеуші ағылшын мәдениетіне қатысты фразеологизмдерді зерттеп, нақты тілдік деректерді пайдаланады.

Ал екінші тараудың соңғы тармағында қазақ, орыс, ағылшын тілдері фразеологизмдеріндегі ортақ дүниелер мен ерекшеліктер анықталады. талдау барысында оларды кестелер арқылы көрсетеді. Салғастырылған тілдердің бәрінде де «отбасы» концептісі негізгі концептілерінің бірі болып табылады деген тұжырым жасалады.

Әр ұлтқа тән фразеологизмдерді талдау халықтың белгілі бір ұғымдар туралы түсініктерін қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл қазақ, орыс және ағылшын лингвомәдениеттеріндегі ұғымдардың танымдық ерекшеліктерін айқындауға жол ашады. Фразеологизмдердің мәдени концептілер жүйесіндегі орны мен мәні сол ұғымның этнос өміріндегі маңызымен тікелей сабақтасып жатады. Бұл зерттеу нәтижелері фразеология теориясына, лингвомәдениеттану, этнолингвистика мен мәдениетаралық коммуникацияға елеулі үлес қосады. Зерттеуші қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі тұрақты тіркестерге салыстырмалы-типологиялық талдау жасай отырып, олардың астарында жатқан этномәдени құндылықтарды айқындаған. Диссертацияда алғаш рет фразеологизмдер халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, дүниетанымы мен менталитетін бейнелейтін мәдени код ретінде қарастырылып, ұқсастықтар мен айырмашылықтар жіктелген.

Диссертация мазмұны бойынша 6 мақала жарық көрді: Skopus базасына енетін шетелдік ғылыми басылымға (Forum for Linguistics, процентиль 56%, Q2 болатын журналда) 1 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым жән жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда – 4 мақала, халықаралық ғылыми конференцияда 1 мақала.

Қорыта айтқанда, Мүлкаманова Айгерім Жарылғасынқызының диссертациялық жұмысы «8D02304-Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай. Диссертациялық жұмыстың теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, қорғауға ұсынуға болатын жұмыс деп есептейміз.

Отандық ғылыми кеңесші:

филология ғылымдарының кандидаты,

профессор

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік

университеті, Ақтөбе қаласы, 20.05.2025 ж.



Карагулова Б.С.